



Экология саласындағы саясат

Qarmet АҚ - Қарағанды өнеркәсіптік өңірі мен Қазақстан Республикасындағы толық металлургиялық циклді бар ірі қара металлургия кәсіпорны. Qarmet АҚ басшылығы кәсіпорынның қызметі қоршаған ортаға әсер ететінін толық түсінеді.

Qarmet АҚ өзінің экология саласындағы саясатының негізгі мақсатына – өндірістік процестердің қоршаған ортаға теріс әсерін үнемі төмендетуге және алдын алуға қол жеткізуге ұмтылады.

Саясатты іске асыру жолдары:

- кәсіпорынның экономикалық стратегиясын әзірлеу кезінде кәсіпорынның, қаланың және аймақтың экономикалық, экологиялық және әлеуметтік мүдделерінің негізделген үйлесімі принципін ұстану;
- ИСО 14001 МС талаптарына сәйкес экологиялық менеджмент жүйесін қолдау және үздіксіз жетілдіру, оны өз қызметі саласындағы бәсекелестік артықшылықтың маңызды құрамдас бөліктерінің бірі ретінде қарастыру;
- Қазақстан Республикасының қоршаған ортаны қорғау саласындағы заңнамасының талаптарына сәйкес әрекет ету;
- табиғат қорғау қызметіне қажетті ресурстарды бөлу, энергия ресурстарын үлестік тұтынуды азайту, ластаушы заттардың шығарындыларын, төгінділерін азайту және қалдықтарды кәдеге жарату көлемін ұлғайту жөніндегі іс-шараларды әзірлеу және енгізу жолымен қоршаған ортаға жағымсыз әсерлердің барлық түрлерін қысқарту және болғызбау;
- тұрақты мониторингті жүзеге асыру және көміртегі ізін жүйелі түрде төмендету бойынша іс-шаралар жүргізу;
- ықтимал апаттар мен төтенше жағдайларға байланысты қоршаған ортаның ластану қаупін азайту;
- жоспарланған қызметті іске асыруға сәйкес шешімдер қабылдау мақсатында қолданыстағы өндірістердің экологиялық қауіпсіздігін болжау және басқару үшін экологиялық қауіптерді кешенді талдаудың заманауи әдістерін қолдану;
- қызметтер мен материалдарды сатып алу кезінде жеткізушілердің экологиялық көрсеткіштерін бақылау;
- жаңа өндірістердің жобаларын іске асыру және қолданыстағы өндірістерді қайта құру кезінде ластанған ауаны, ағынды суларды тазарту және қалдықтарды кәдеге жарату үшін жаңа қолжетімді технологияларды, заманауи, тиімділігі жоғары жабдықтарды пайдалану, олардың қоршаған ортаға теріс әсерін азайту үшін өндірістердің экологиялық аспектілерін ескеру;
- табиғатты қорғау қызметінің тиімділігін арттыру және экологиялық көрсеткіштерді үздіксіз жақсарту мақсатында ішкі аудиттер жүргізу арқылы кәсіпорынның экологиялық менеджмент жүйесінің жұмыс істеуін жетілдіру;

